



Т. РЫСКҰЛОВ АТЫНДАҒЫ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
НОВЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Т. РЫСКУЛОВА
TURAR RYSKULOV NEW ECONOMIC UNIVERSITY

**ҮЗДІКСІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ОҚЫТУДЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ**

X Республикалық оқу-әдістемелік конференция

Талқылауға ұсынылатын конференцияның негізгі тақырыбы келесідей:
**БІЛІМ НАРЫҒЫ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ:
КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ**

II Том

22-23 қантар 2015 жыл

**НЕПРЕРЫВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ
И МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

X Республиканская учебно-методическая конференция

Ключевой темой конференции, предлагаемой к обсуждению, станет:
**ИНТЕГРАЦИЯ РЫНКА ОБРАЗОВАНИЯ И РЫНКА ТРУДА:
РАЗРАБОТКА МОДУЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В
КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ
СТАНДАРТОВ**

II Том

22-23 января 2015 года

**CONTINUOUS ECONOMIC EDUCATION: MODERNIZATION of EDUCATION AND
METHODOLOGICAL SUPPORT**

The X republican educational-methodical conference

Main topic of the conference to be discussed is:
**INTEGRATION OF EDUCATION MARKET AND LABOR MARKET:
DEVELOPMENT OF MODULAR EDUCATIONAL PROGRAMS IN
THE CONTEXT OF FORMATION OF PROFESSIONAL
STANDARDS**

II Volume

22-23 January 2015 year

Алматы - 2015

РАКИМКУЛОВА А.А., АДАЕВА С.О. Применение информационных и коммуникационных технологий в обучении русскому языку	72
РЫСКИЕВА Г.Э., БОЖБАНОВ А.Ж. Энергетикада органикалық отынды пайдаланудың экологиялық аспектілері.....	77
САГИДОЛДА Н., ЖАНБЫРБАЕВА А.Н. Жоғары оқу орнында болашақ элеуметтік қызметкерлерді даярлау ерекшеліктері	82
САЙДУЛЛАЕВ С.З. Особенности организации и проведение преддипломной практики специальности «Туризм».....	90
ХИСМАТУЛЛИНА А. А. Внедрение дуальной системы профессионального обучения в республике казахстан: теоретические аспекты и зарубежный опыт	93
ШАКЕН А.Ш., ЖИЛКИБАЕВА М.И., УВАРОВА А.К. Международные туристские практики кафедры рекреационной географии и туризма в контексте практико-ориентированного компетентностного подхода	103
АЛИЕВ М.К., АКИМОВА Б.Ж., БЕЙСЕНОВА Л.З. Организация научно-исследовательской работы магистрантов специальности 6М050800 «Учет и аудит»	112
БАЯНДИНОВА С.М., АКТЫМБАЕВА А.С., КӨШКІМБАЕВА Ү.Т., ЖАНАКЕЕВА М.К., КАЙРАТ С. Жоғары оқу орындарының кәсіби тәжірибесін жүзеге асыру үрдісіндегі білім қызметі нарығы мен еңбек нарығының рөлі	121
ДАБЫЛТАЕВА Н. Е., НУРЖАНОВА А. М. Еңбек нарығы және жоғары білім беру жүйесі: жағдайы және тиімді өзара әрекеттестік жолдары	125
ЕНТАЛЬЦЕВ А.Л., ОПАЛИНСКАЯ Е.Э., ИСМАИЛОВА Х.И. Специфика проведения оздоровительных занятий со студентами, имеющими отклонения в состоянии здоровья	134
КАКИМОВ Д.С. . Агроөнеркәсіп кешенінде интеграциялық құрылымдарды калыптастырудың артықшылықтары	140
МАЖЕНОВА Ж.А., ИЛЯШОВА Г. К. Туристтік-экскурсиялық практиканы ұйымдастыру ерекшеліктері	145

ХАСАН А.С.

Қазақстан Республикасындағы аймақаралық экономикалық байланыстар.....	154
---	-----

МЕТОДИЧЕСКИЙ СЕМИНАР 2

«ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ ВУЗОВ»

АБЕНОВА К.А.

«Отбасы және балалармен әлеуметтік жұмыс» пәніне интербелсенді әдістерді қолдану мүмкіндіктері	161
--	-----

АЛИЕВА М.М.

«Қазіргі жоғары оқу орындарында интерактивті режимде оқытудың кемшіліктері мен артықшылықтары»	171
--	-----

АЛИМЖАНОВА Г.М.

Использование интерактивных методов в системе высшего образования	177
---	-----

АЛТЕЕВА Н.К., ТЛЕУБЕРЛИНА О.Б.

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру.....	192
--	-----

БЕКТЕМИР Г.К., ОТЕЛБАЙ Ш.К.

Интерактивные методы проведения практических занятий по дисциплине «Аудит»	199
--	-----

БОЛСАНБЕК Б., РЫСПЕКОВ Д.А.

Бинарлық дәрісті ұйымдастыру туралы.....	208
--	-----

ГАГАРИНА Н.Л.

Инновационные технологии обучения в вузах	216
---	-----

ГАЙДАРЬ М.Т., БЕКБОСЫНОВА А.С.

Дистанционное образование в системе непрерывного образования	223
--	-----

ГУМАРОВА Т.А., САТБАЕВА Г.С.

Преподаватели и студенты ВУЗа: Роли и модели взаимодействия	244
---	-----

ДЖАНУЗАКОВ С.Д.

Алгебраическая модель информационных систем иерархической структуры.....	255
--	-----

Келесі қарастыратын мәселе Қазақстанда жоғары оқу орындарының түлектері мен студенттері үшін арнайы шаралар ұйымдастыру және тренинг орталықтарын ашу. Белгілі уақыт аралығында жинақталған білімдерін бизнес үрдістерінде пайдаланып, келешектегі жұмыс бабына сенімділік ала алады. Мысалы, жыл сайын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Университет – Бизнес – Қоғам: тәжірибе және серіктестік болашағы» атты Жұмыс берушілер Форумы және «Табысқа жету жолы!» бос орындар/тағылымдамалар жәрмеңкесі өтеді. Соңғы жылдары шақырылған жұмыс беруші компаниялар қатарын ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап Палатасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» ДББҰ, ҚР Ұлттық Банкі, Қазақстанның Халық Банкі, Сбербанк, Avgora холдинг, Еуразиялық банк, Avon, АТФ Банк, «Хабар» агенттігі, Kaspi банк, EFES Kazakhstan компаниясы, Казгидромет, Экомед, КазАгроИновация холдингтің еншілес компаниялар, Алматы қаласының Жұмыспен қамтылу және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Алматы қаласының білім беру басқармасы толтырды. Бұл мерекелік іс-шара барысында компаниялар, ұйымдар, бизнес, ғылым және өндіріс салаларының жетекші өкілдері презентациялар, тренингтер және табысты мансап құру жөніндегі түлектер мен студенттерге арналған мастер-класстар, кәсіби тәжірибені өтуге арналған акциялар өткізеді [2].

Осындай бизнес-кейстер жұмыс берушілер мен студенттер арасында жоғары бағаланады және жастардың өз мүмкіндіктерін дамытуға бағыттайды. Студенттер мен түлектер сынау мерзімі барысында қатал сұрыптаудан өтеді және күрделі бизнес міндеттерді атқаруға үйренеді.

Кәсіби тәжірибенің сапасын тиімді жоғарылату мақсатында кәсіпорындар мен білім беру мекемелері арасында бағдарламалар мен тиісті келісім шарт жасау үрдісін талап етеді. Әр жоғары оқу орнында, факультет және кафедра деңгейінде мамандандырылуына сәйкес жұмыс беруші кәсіпорындардың базасы қалыптасуы тиіс. Сонда ғана еңбек нарығы мен білім беру нарығының үйлесуі тиімді нәтиже береді.

Бүгінгі таңда, жоғары оқу орнын бітірушілер дербес еңбек жолында бірқатар қиындықтарға жолығатындары тәжірибеде анықталып отырғандықтан, кәсіби бағдарын қалыптастыруда, тәжірибе түрлерін барынша жаңа мазмұнды, жүйелі жүргізу міндеті қойылып отыр. Сол себепті білім беру және еңбек нарығының ресми түрде әріптестік қарым-қатынасын орнату мүмкіншіліктерін ғана қалыптастырмай, сапалы, кәсіби білімді арттыру және жетілдіру, инновациялық ортаға бейімделушілікті ескере отырып жүзеге асыратын тиімді іс-әрекет болып табылмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рынок труда: проблемы и решения. М.: Научный эксперт, 2009.
2. 43-ші ғылыми-әдістемелік конференция «Заманауи үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі түлектің құзыреттік үлгісі». www.kaznu.kz/kz/13372

ДАБЫЛТАЕВА Н.Е.

экономика ғылымының кандидаты

НУРЖАНОВА А. М.

«Туризм» кафедрасының аға оқытушысы

ғылым магистрі

Т.Рысқұлов ат. ЖЭУ

Алматы қ.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ЖОЛДАРЫ

Түйін және ұсыныстар

ЖОО-ның тиімді дамуының қажетті алғышарттары, оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру, еңбек нарығының талаптарымен сәйкес модернизациялау инновациялық және әлеуетті интеграцияланған бірлестіктерге оқу орындарын жатқызу меха-

низмдерін қалыптастыру болып табылады. Ол мақалада көрініс тапқан себептермен байланысты.

Қазақстандық қоғамның даму тенденциясы мемлекеттің интеллектуалды әлеуетін құру құралы ретіндегі, азаматтардың өмірлік игіліктерін қамтамасыз ететін ресурс ретіндегі, тұтастай мемлекеттің және жекелей ұйымдардың бәсекеге қабілетті факторы ретіндегі білім беру қажеттілігінің жоғары мәні туралы куәландырады. Білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық саясаттың приоритетті, алдыңғы қатарлы сферасына айналуға, ел дамуының индикаторы да, катализаторы да болуда.

Қазақстан Республикасының 2011-2010 жж. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру сферасында негізгі мақсат қойылды – білім беру облысындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін, еңбек нарығының қажеттіліктерін және елдің индустриалды-инновациялық дамуының мақсаттарын қанағаттандыратын жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

ЮНЕСКО құжаттарында ерекше атап кетеді – жоғары мектептің педагогикалық үдерісінде, орта білім беруге карағанда, білім практикалық қолданыс және оны алу тәсілдерімен бірге оқытылуы тиіс. Бұл жағдайдан шығу – үдіксіз білім беру және жоғары мектептің ғылым мен бизнеспен интеграциясы [1].

Қазіргі таңда, көбінде, ЖОО және еңбек нарығы арасында өзара әрекеттестіктің жоктығы байқалады, бітірушілердің жұмыспен қамту механизмі және ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне икемді бейімделуі реттелмеген.

Мәселені шешудің бағыттарының бірі – жекелей курстарды оқыту, жоғары білім беру стандарттарын құру үдерісінде жұмыс берушінің қатысуымен, алатын білім мен қабілеттіліктің тәжірибелік мәнін күшейту контекстінде еңбек нарығының қажеттілігіне бейімделген модульды білім беру бағдарламаларын жаңарту. Бұл орайда ЖОО-да ең жоғары білікті кадрлардың қызмет атқаруы үшін еңбектерін марапаттаудың жағдайларын құру керек.

«Бітірушілердің еңбекпен қамтылуы жоғары білім берудің тиімділігінің басты критеріі болуы керек». Жоғары білім алып болған студенттердің көбінде жұмысқа тұруда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келетіні ешкімге де құпия емес. Мәселенің бір бөлігі сапалы, тәжірибелік қолданысқа ие білім алумен басталатын оқу кезінен-ақ басталады. Көбінесе ЖОО бітірушілерге өздерінің оқыған облысындағы тәжірибелік қабілеттіліктер мен қазіргі жағдайда білім жетіспейді, осының барлығы жас мамандардың еңбекпен қамтылуын қиындатады.

Қазақстанның бұқаралық ақпараттық құралдарында және ғылыми дискуссияларда жиі сұрақтар қойылады: Неге еңбек нарығы қажеттілігі жоқ мамандармен толған, ал востребованный мамандықтарды таба алмаймыз? Неге ЖОО-ның кәсіпорындармен тығыз ынтымақтастықтары жоқ? Неге ЖОО-да тәжірибеден өту нашар ұйымдастырылған, студенттер неге тәжірибеден өту орындарына өздері тұруға мәжбүр?

Жұмыс берушілер де жоғары білім беру сферасында қалыптасқан жағдайға көңілдері толмайды. Оларға ЖОО-ның «жартылай фабрикаттары» әрдайым қажет емес, себебі «қайта дайындауға» кеткен ақша және уақыт өте қымбат. Сондықтан барлық жұмысқа алу хабарландыруларда жазылғандай: міндетті жұмыс тәжірибесі бар, 30 жасқа дейінгі маман қажет. Ал бітірушіге осы тәжірибені қайдан алу керектігі жазылмаған.


Кеңестік уақытта мемлекет жалғыз маңызды ұйым-жұмыс беруші болған, сондықтан ЖОО-на немесе шешім қабылдайтын орталық органға жеке жұмыс берушімен әріптестік құрудың қажеті болмаған. Ал қазір мұндай қажеттілік туындады.

Қалыптасқан жағдайда жоғары білім беру нарығының еңбек нарығымен өзара әрекеттестік механизмін жетілдіру, білікті кадрларды дайындау қажет. Ол үшін әр тараптың өзара мүдделерін ескеретін ынтымақтастықтың қазіргі заманға сай формалары мен институттары талап етіледі.

Жоғары білім беру және еңбек нарықтарының өзара байланыстарының түрлі аспектілерін қарастыру оқу орындарының кәсіпорындар мен ұйымдармен өзара әрекеттестіктің келесі негізгі формаларын айқындауға мүмкіндік береді.

Әрине, оқу орындарының және кәсіпорындардың тиімді өзара әрекеттесуінің ең басты көрсеткіші еңбекпен қамту болып табылады. Алайда ол өзара әрекеттестіктің соңғы кезеңі болып табылады, оның нәтижелігі кадрларды дайындау құрылымының маманға деген сұраныс құрылымына сәйкестігімен, ынтымақтастықтың барлық аспектілері бойынша өндіріс, бизнес және ЖОО сфераларының өзара әрекеттестігімен байланысты.

Білім беру және бизнестің өзара әрекеттестігі, жоғары білім беру нарығының және еңбек нарығының өзара байланыстарын жетілдіру жолдарын анықтау жоғары білім берудің және дайындау сапасының басты көрсеткіші болуда.



Сурет 1 – ЖОО және кәсіпорындардың өзара әрекеттестік формалары

Бизнес-қауымдастықтың белсенді позициясы көптеген еуропалық елдерде көрініс табууда. Мәселен, Аустрияның, Ұлыбританияның,

Германияның және Ирландияның өндірістік палатасының өкілдері жоғары білім беру реформаларына және Болон процесінің профильді жұмыс тобына қатысты [4].

ЖОО-ның тиімді дамуының қажетті алғышарттары, оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру, еңбек нарығының талаптарымен сәйкес модернизациялау инновациялық және әлеуетті интеграцияланған бірлестіктерге оқу орындарын жатқызу механизмдерін қалыптастыру болып табылады. Ол келесі себептермен негізделеді.

Ең алдымен, стратегиялық маркетингі енгізумен ЖОО стратегиялық басқару, ЖОО-да заманауи қаржы менеджментін дамыту. Бұл сонымен қатар, еліміздің оқу орындарының көбісі әлеуетті контрагенттерден дәстүрлі «дистанцияны» сақтаумен байқалуда: корпоративті әлем кәсіпорындардан, білікті және басқару органдарынан, қаржылық құрылымдардан, экономиканың түрлі секторының институтционалды құрылымдарынан. Ал еңбек нарығымен өзара әрекеттестік, болашақ жұмыспен байланысты қызметтерді тұтынушылардың бірінші кезектегі талаптарын қанағаттандыру және нәтижесінде теориялық дайындықты және тәжірибелік білімді алған қажет етілген ЖОО бітірушілерін дайындау – Қазақстанның қазіргі еңбек нарығының талаптарымен сәйкес қоғамның әлеуметтік тапсырыстарын шешуде, сапалы және тәжірибелік қолданысқа ие білім алуда өзекті болып табылады.

Бұл өндірістік және диплом алды тәжірибелік ұйымдастырудан бастап, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып студенттерді мамандандырылған дайындық мәселелері бойынша корпоративті құрылымдармен өзара әрекеттесумен, студенттерді кәсіби және психологиялық бейімдеумен аяқтайтын мәселелермен айналысатын мамандандырылған құрылымдарды ашу өзектілігін тудырады. Бұл құрылымдық қызмет маркетинг жүйесімен өзара әрекеттесе отырып, аймақтың еңбек нарығындағы жағдайды талдаумен байланысты бірқатар тапсырмаларды шешуге, білім беру қызметі сұранысын зерттеумен бітірушілерді дайындау талаптарының өзгерісінің тенденцияларына қатыса алады.

Әлемнің көптеген елдерінде өндіріс пен білім беруді интеграциялаудың стратегиялық жолының бірі болып технопарктерді қалыптастыру қарастырылады. Мәселен, Стенфорд университеті (АҚШ) компьютерлердің әлемдік өндірісінің шамамен 20% шоғырланған Силикон даласы үшін қажетті жоғары білікті мамандардың ең басты «жабдықтаушысы» болып табылады [4]. Мұндай технопарктер қуатты ғылыми-білім беру кешендерінің қасына кәсіпорындарды шоғырландыру жолымен немесе керісінше, мақсатты түрде жоғары технологиялық корпорацияларға «**қызмет көрсететін**» оқу орындарын ашу жолымен қалыптасады. Аталған жағдайда кадрларды дайындау оқу бағдарламалары туралы мәліметтер банкісін қалыптастыратын және олардың аккредитациясын және т.б. жүргізетін кәсіби қауымдастықтармен бақыланады. Технопарктердің тиімді функциялануының екі маңызды шарттарын атап өткен жөн – өндірістік жоғары технологиялығы және оның масштабы.

Қазақстан – технопарктердің желісін дамыту мен функциялануы үшін заңнамалық базаны құрған достастық елдерінің ішіндегі біріншісі болды, оның негізі «**Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясы**» болып табылды. Стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындарда және дамыған ғылыми-техникалық желілері бар қалаларда технопарктерді және ғылыми-технологиялық зоналарын құру табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында жоғары білім берудің негізгі мәселелерінің ішінде белгіленген: кадрларды дайындауда жұмыс берушілерге гранттардың жеткіліксіз бөлінуі, кадрларды дайындауда жұмыс берушілерді тарту бойынша заңнамалық базаның жеткіліксіздігі, оқу үдерісінің және болашақ мамандардың тәжірибелік дайындық сапасының төмендеуіне алып келетін ғылыммен, өндіріспен және бизнеспен әлсіз байланыс.

Белгіленген тапсырмаларды шешу үшін жоғары білім беру және еңбек нарықтарының өзара әрекеттестігіне ықпал ететін,

әсіресе, салықтық реттеуде, экономикалық мемлекеттік реттеудің жаңа әдістерін әзірлеу қажет.

Жоғары кәсіби білім беру нарығының құрылған кезеңінен бастап білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың салық салуды салық заңнамасындағы өзгерістермен анықталған сипаттағы бірқатар өзгерістерге ұшырады [5]. Салық кодексінде (СК) мүлік және жер салығын төлеу бойынша оқу орындарына салық салудың льготалық режимі қарастырылған, сонымен қатар корпоративті табыс салығы мен қосымша құн салығын төлеуден босату да қарастырылған (СК 135б., 253б.).

Сонымен қатар салық заңнамасы оқуға кеткен шығындарды салықтық есепке алуға қатысты мәселелерінде де елеулі өзгерістер жүргізген. Мәселен, СК 133 бабының 3 тармағына сәйкес еңбек қатынасымен шартталмаған жеке тұлғалардың оқу ақысын төлеуге бағытталған салық төлеушінің шығындары бойынша салық салынатын табысын төмендету қарастырылған, егер шарттарды орындаған жағдайда: жеке тұлғамен 3 жылдан кем емес мерзімде салық төлеушіде жұмыспен өтеу міндеттемесі туралы келісім-шартқа отырса.

Осындай тәрізді жағдайлардың салық заңнамасына енгізілуі еңбек нарығының және білім беру нарығының өзара әрекеттесуінің маңызды ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Біріншіден, кәсіпорын (салық төлеуші) еңбек нарығы жағдайы туралы ақпаратты жақсы біледі және өндірістік қызметпен байланысты мамандықтар бойынша оқытуды қаржыландыра отырып, ол керекті кәсіптер бойынша білім беруді ынталандырады. Екіншіден, осындай тәрізді салық жағдайлар корпоративті әлемнің және білім беру сферасының өзара байланысын күшейтуге ықпал етеді.

Алайда атап өткен жағдайлар шеңберінде толық көлемде шешімін таба алмайтын бірқатар себептерді ескеру керек.

Жеке тұлғаның салық төлеушіде жұмыспен өтеу мерзімі (3 жыл) өте «қатаң» көрінеді. Жұмыспен өтеу мерзімінің ұзақтығы фирманың оқуға жұмсаған сомасының шамасымен анықталуы керек. Бұл бірнеше аспектілерді ескеруге мүмкіндік береді:

– фирма үшін білім алушының барлық оқуын толықтай төлемеу мүмкіндігі пайда болады, мысалы, тек бірнеше семестрлерін (соңғыларын);

– мұндай жұмысшыларға икемді мүмкіндіктер туады, сәйкесінше фирмдан тәуелділігі аз болады.

Бірінші аспект кәсіпорынға оқу үдерісінде өздерін жақсы көрсеткен және фирманың қызметінің бағытына байланысты маманданған тұлғалардың оқуына шығындануына мүмкіндік береді. Осылайша, кәсіпорын кадрларды стратегиялық ұзақ мерзімді дайындауға шығындалып қана қоймай, сонымен қатар білікті мамандарға деген өзінің қажеттілігін қанағаттандырады.

Екінші аспект жеке тұлғаларға оқу ақысын фирма төлейтін ынтымақсаттық формасына сенімділік арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, Салық кодексінің сәйкес пунктiне келесі анықтаманы ұсынуға болады: ... салық төлеушiде мiндеттi жұмыспен өтеу кезеңi жеке тұлғаның алған бiлiмiне сәйкес болатын келiсiм-шартқа отыру. Мұндай жұмыспен өтеу ұзақтығы салық төлеушiнiң жеке тұлғаның нақты бiлiм алған мерзiмiнен (оқу жылы, семестр) кем болмауы керек.

Салық заңнамасындағы мұндай өзгерістер жұмыс берушінің жеке тұлғалардың оқуын қаржыландыру мүддесін көтеру үшін, жұмыс берушілерге кадрларды дайындауға гранттардың берілуі үшін, еңбек нарығы және кәсіби білім беру нарығының тығыз өзара әрекеттестік құруына қолайлы шарт-жағдайлар тудызуға мүмкіндік береді. Қазақстанда білімге ақша қаражатын құдо бизнесін ынталандыру және дамыту қажет. Мұндай жағдайда бизнес жоғары білім беру жүйесінің сапалығына, білім нақты қолданысқа ие болатынына сенімді болуы керек.

ҚР-ның Статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері бойынша 2013 жылдың қаңтар айының жағдайында мемлекеттік білім гранты есебінен 131 919 адам білім алуда, ол жалпы студенттер санының 23,1%-н құрайды, мемлекеттік тапсырыс есебінен – 12 390 адам немесе 2,2%, ақылы негізде – 427 382 адам немесе 74,8%[6].

Яғни еліміздің студенттерінің көп бөлігі ақылы негізде білім алуда. Осыған қарамастан, мысалы, өз бетінше жоғары білімнің оқу ақысын төлеп жүрген жеке тұлғалардың табысына салынатын салықтан әлеуметтік салыққа шегеру сияқты әлеуметтік мемлекеттік қолдау жүйесінің жоқ. Ал мұндай қолдау жүйесі Ресей Федерациясының салық заңнамасында қолданылады.

Осылайша, қазіргі жағдайда жоғары білім беру нарығының және еңбек нарығының өзара тиімді әрекеттестігінің жаңа әдістерін дамыту жоғары кәсіби білім беру жүйесінің тиімді функциялануы үшін жоғары дәрежелі мәнге ие болуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР КӨЗІ:

1. Фрезоргер Л.А. Высшая школа РК: детерминанты и тенденции развития. - Павлодар: ПаУ, 2004. -184 с.
2. Информационное агентство KazakhstanToday. «МОН планирует в ближайшие два года сократить количество вузов до 100». Дата обращения: 26.03.13г. (/kt.kz)
3. Официальный сайт премьер-министра РК. «Главным критерием оценки вузов страны является трудоустройство выпускников». Дата обращения: 26.03.13г. (primeminister.kz)
4. Алашеев С.Ю. Кутейницына Т.Г. Обзор мировых практик организации взаимодействия рынка труда и системы профессионального образования. - Центр профессионального образования Самарской области, г.Самара. Дата обращения: 05.03.13г. -
5. Налоговый кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет». - Алматы: ЦДБ, 2013. - 822 с.
6. Информационное агентство Vnews.kz. «В Казахстане большинство студентов обучается на платной основе», 23 января 2013 г. Дата обращения 05.03.13 г. (Vnews.kz/ru/news/post/121150/)

**ҮЗДІКСІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ОҚЫТУДЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ**

X Республикалық оқу-әдістемелік конференция

Талқылауға ұсынылатын конференцияның негізгі тақырыбы келесідей
**БІЛІМ НАРЫҒЫ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: КӘСІБИ
СТАНДАРТТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ МОДУЛЬДІК БІЛІМ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ**

II Том

22-23 қаңтар 2015 жыл

**НЕПРЕРЫВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ И
МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

X Республиканская учебно-методическая конференция

Ключевой темой конференции, предлагаемой к обсуждению, станет
**ИНТЕГРАЦИЯ РЫНКА ОБРАЗОВАНИЯ И РЫНКА ТРУДА: РАЗРАБОТКА
МОДУЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СТАНДАРТОВ**

II Том

22-23 января 2015 года

**CONTINUOUS ECONOMIC EDUCATION: MODERNIZATION OF EDUCATION AND
METHODOLOGICAL SUPPORT**

The X republican educational-methodical conference

Main topic of the conference to be discussed is:

**INTEGRATION OF EDUCATION MARKET AND LABOR MARKET: DEVELOPMENT OF
MODULAR EDUCATIONAL PROGRAMS IN THE CONTEXT OF FORMATION OF
PROFESSIONAL STANDARDS**

II Volume

22-23 January 2015 year

Формат 60x84¹/₁₆. Объем 29,2 п.л.
Усл.п.л. 27,2. Уч-изд.л. 22,2. Тираж 90 экз.
Заказ №1/13-15. Печать офсетная.

ТОО «Издательство «Экономика»
050063, г Алматы, ул Саина 81

Материалы даны в авторской редакции.

ISSN 078-801-225-616-1



ENTRADA N.º 1000000000

